



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

реті аударма тілінде өзгеріп орын алмастыру тәсілі жүзеге асып тұр.

Жоғарыда берілген талдаулардан келесідей қорытынды шығара аламыз. Тәржімалау барысында кеңінен қолданылған аудармалық трансформациялардың қатарына: Транслитерация, мағынаны түрлендіру, мағынаны нақтылау және мағынаны дамыту тәсілдері жатады. Грамматикалық трансформацияның ішінде сөз формасының өзгеруі, сөз таптарының сәйкес келмеуі, сөздер мен сөз тіркестерінің орналасу реті аударма тілінде өзгеріп берілген. Түпнұсқадағы негізгі ой, қазақ халқының ХІХ-ғасырдағы өмір сүру салты мен дәстүрі, мәдениеті аударма тіліне толыққанды болмаса да жеткілікті дәрежеде жеткізілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Левицкая Т.Р., Фитерман А.М. Теория и практика перевода с английского языка на русский, Москва, 1963-125с.
- 2 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. - Москва, 1974.
- 3 Әуезов М. Абай жолы: Роман – Эпопея. Алматы: "Жеті жарғы", 1997. 320 б.
- 4 «Путь Абая» / Пер. А. Кима.-Алматы: ИД «Жібек жолы», 2007. Кн. 1. Кн.2. "АБАЙ" Illustrations by Y.Sidorkin. Translated into English. Progress Publishers 1975.
- 5 Т.Жанұзақов "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі"

ӘОЖ 81-812-8126-347.7.034

О.БӨКЕЙДІҢ «БУРА» ӘНГІМЕСІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Нұрмира Жұмай

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің докторанты
Ғылыми жетекшісі – профессор Тажибаева С.Ж.

Белгілі классик жазушы О. Бөкей - қазақ әдебиетінің алтын қорына енген көптеген ірі туындылардың авторы. Шығармалары қолдан-қолға түспей оқылатын туындылар қатарында болды, әрі жазушының көзі тірісінде-ақ орыс, ағылшын, чех, болгар, венгр, араб, жапон тілдеріне аударылған. Жазушы О. Бөкейдің көптеген шығармаларының осыншама тілге аударылғанына қарамастан, бұл аудармалардың қалай аударылғандығы, қандай тәсілдер арқылы жүзеге асырылғандығы туралы зерттеулер жоқтың қасы. Орыс немесе ағылшын тіліне аударылған шығармаларының түпнұсқамен қаншалықты сәйкес келетіндігі, аударма сапасы, аудармада қолданылған әдістер мен жолдар сияқты көптеген мәселелер болашақ зерттеулерді талап ететіні сөзсіз.

Алғашқы туындыларынан-ақ ешкімге ұқсамайтын ерекше қолтанбсымен еленген О. Бөкей жайлы заңғар жазушы Ә. Кекілбайұлы: *«Оралхан Бөкей – жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымдылыққа ие болды. Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді»* десе, драматург жазушы Д. Исабеков: *«Оралхан не жазса да қанымен, жанымен жазушы еді. Және қай жанрда жазбасын олардың бір де бірі қаламдастар мен қалың қауым назарынан тыс қалмайтын. Оралхан бір оқылатын жазушы емес. Оралхан қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер»* деп жоғары баға берген.

Жазушы О. Бөкейдің туындыларын белгілі алдыңғы қатарлы аудармашылар А. Ким, А. Кончиц, О. Мирошниченко, Б. Момышұлы, Р. Сейсенбаев, Ю. Домбровский, А. Орлов, В. Мироглов және Арина Ким түпнұсқадан орыс тіліне аударған. Жазушының көзі тірісінде-ақ біршама еңбегі, атап айтқанда, *«Камчигер»* 1970 жылы, *«Плеяды»* 1980 жылы, *«Где ты, жеребенок белолобый?»* 1973 жылы, *«Ледниковые горы»* 1975 жылы, *«След молнии»* жинағы 1978 жылы, *«Поющие барханы»* 1981 жылы, *«Крик»* 1984 жылы, *«Поезда проходят мимо»* 1985 жылы, *«Долгая, долгая зима»* 1986 жылы, *«Человек - Олень»* 1987

жылы, «Серый олень» 1987 жылы, «Сказание о матери» 1985 жылы, «Отголосок юных дней» деген атпен 1985 жылдары аударылып, қалың көпшілік танысып та үлгерген еді.

Анатолий Ким, А. Кончиц және О. Мирошниченко өз аудармаларын жолма-жол (подстрочный) аударма тәсілі арқылы жүзеге асырды. Дегенмен, бірқатар аудармашылардың әдеби қазақ тілін жетік меңгермеулері тұпнұсқа мен аударма туындылары арасында бірқатар алиақтықтар бар екендігін көрсетеді.

Біз қарастырып отырған «Бура» әңгімесі - жазушы О. Бөкейдің «Қамшыгер» атты 1970 жылы жарық көрген тұңғыш кітабына енген әңгімелерінің бірі. «Бура» әңгімесін орыс тіліне белгілі жазушы, аудармашы, сынышы Бақытжан Момышұлы аударған. «Бура» әңгімесін ағылшын тіліне осы Б. Момышұлының орыс тіліндегі аудармасының негізінде Саймон Холлингсворт ағылшын тіліне аударды. 2018 жылы қалың көпшілікке ұсынылған бұл аударма қазақстандық Пен-клубтың «Біз - қазақпыз» жобасы аясында жүзеге асырылды. Осыған дейін бұл жоба аясында М. Әуезовтің әңгімелері, М. Мақатаевтың таңдамалы өлеңдері, Б. Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа» романы, О. Сүлейменовтың «Код слова» кітабы, Ә. Кекілбайдың «Аңыздың ақыры» романы, Г. Бельгер мен С. Елубайдың шығармалары ағылшын тілінде жарық көрген [1].

«The Man-Deer» жинағына енген «Бура» әңгімесі «Bura» деген атпен тәржімаланды.

«Идеологистік тоталитаризмнің тоңы әлі жібі қоймаған кезде іштей қарсылық танытқан, қадау-қадау ойларын қадай атқан О. Бөкейдің бұл әңгімесінде қаламгер екі аяқты пендеден безіп, ең ақыры өлігін ешкімге көрсетпей кетуімен де тектілік танытқан бураны азаттыққа деген ұмтылыстың үлгісі ретінде көрсетті. Әрі ғасырлар бойы іргетасы қаланып, қалыптасқан құрылысқа жаңаның, өркениеттің енуі құрбандықты аз талап етпейтіні анық. Обырға айналған «өркениет» ұйып отырған ұлттың рухын сөндіруге, өзін көндіруге ұмтылды. Суреткер осы күдікті ойын төрт аяқты жануардың – бураның тағдырымен таразылығын. Кеңестік қоғамдағы «өркениеттің» тосын келуін қаламгер пойыз арқылы береді. Пойызда ұлттық құндылықтарды тәрк еткендей менменшілік байқалады. Қара бура пойыз астына түсіп өледі» [2.89].

Негізгі мазмұны осыған саятын «Бура» әңгімесі - жазушының өзіне ғана тән ерекше тілдік, көркемдік шеберлігін танытатын туындысы. Тұпнұсқа мен аударма арасындағы ерекшеліктерге сараптама жасау үшін мағынасы толық, әрі дәлме дәл аударылған сөйлемдерді, мағынасы жартылай жеткізілген сөйлемдерді және мүлдем аударылмаған сөйлемдерге назар аударуға тырыстық. Мәселен, «ауылын талақ тастап, қашып шығу» тіркесі орыс тілінде «с ревом промчался через аул» деп жалаң сөзбен ғана берілсе, ағылшын тіліне «with a roar, Bura shot through the aul» түрінде мағынасы жеткізілген. Тұпнұсқадағы «талақ тастап қашу» тіркесінің мағынасы толық жеткізілмеген.

Тұпнұсқадағы «сағыныш бесігі», «тілерсек тістесу», «бұла боп өскен келесі», «қимас қымғуыт шақтар», «бұлыңғыр да буалдыр үлпілдек үміт», «салқар сахара» сынды теңеулері мен эпитеттері орыс тілінде де, ағылшын тілінде де тиесілі баламасын таппай, түсіріліп қалған. Орыс және ағылшын дүниетанымында «ең соңынан өлетін үміт» қазақ болмысы үшін «үзілмейтін» дүние. Мәселен, «Қ.Т:Шудасы желпілдеп, маң-маң басып, белгісіз бұлыңғыр да буалдыр үлпілдек үміттің жетегінде шеру тартатын. О.Т: Ветер ласкал нежную шерсть на его стройной шее, когда он шел и шел за своим миражем, за надеждой, которая умирает последней. А.Т: The wind caressed the tender fur on his slender neck as he continued walking after his mirage, after the hope that is always the last thing to die in one 's soul» түрінде берілген.

Аталған әңгіменің орыс және ағылшын тіліне аударылуы барысында жоғарыда келтірілгендей бірнеше сөйлемнің немесе тұтас бір абзацтың түсіріліп қалғандығы байқалады. Мәселен, Бураның бұрыңғы қаймағы бұзылмаған ауылын ғайыптан жасап алып, тәтті елес құшағында тұрған жай-күйін сипаттайтын кезін жазушы «Сағыныштан сарғайған ескі жұрт қана жатыр...» деп береді, бұл сөйлемдегі тыныс белгілердің өзі жазушының осы бір сөйлем арқылы оның артында сайрап жатқан көп ойдың, таусылмас сағыныштың жатқанын аңғартқандай. Қазақ тілді оқырман аңғара алатын бұл нәзік түйсік ағылшын және орыс тілдерінде мүлдем берілмеген. «Тау бөктеріндегі қалың нөпір қарағай да қаптай

қаумалай келіп, кілт көмкерілетін; соңғы бір жылдары жуық маңдағы ағаш атаулы мін теліп, құйрық-жалдан айырылған жылқыдай-ақ таудың қапталына қарай үрке қашып кетіскен. Ойда тұрып тау төскейіндегі орманға көз тастасаң, бағзыдағы сыпыра жыныстың іріген сүттей бөлек-салақ қалған ірімтігін аңғарасың» деп келетін абзац мүлдем аударылмай қалған.

Сондай-ақ осындай күйде тұрған Қара Бураның сипатын жазушы О. Бөкей «Бура осынау бірсін-бірсін жаңғырып бара жатқан колхозды ауылдан тек қана өз тобын - өз туысын таппады» деп берсе, ағылшын тіліндегі нұсқасында «Everyone was here, only Bura could not see his fellow camels» деп тек ойды ғана жеткізгенін атап өтуге болады. Сол сияқты «Селт ете қалған Бура танауын жыбырлатып, пысқырып еді, әлгіндей ғайыптан пайда болған бар көрініс, сыңсыған үн ізім-ғайым жоғалды» (Bura's nostrils flared in compassion and he sobbed loudly), «Небір ықылым заман өтсе де, көмескіленбей, шөп шықпастан сайрап жатқан сүрлеу Бураның бұрын-соңды көрген жолдары іспетті емес, өзгеше еді» (The year had gone by and the path was still not overgrown. And it was unlike the other routes that Bura had walked in the past), «Бұл сүрлеумен Бураның өзі де, кешегі торғайдай тозып кеткен ағайын-туғаны да жүрген жоқ» (No, he had never walked this path and nor had his brothers, from whom he had now been separated) сөйлемдері де жартылай ойды берумен ғана шектелген, әрі «бірсін-бірсін жаңғыру», «ғайыптан пайда болу», «ізім-ғайым жоғалу», «бұрын-соңды көрмеу», «торғайдай тозу» сияқты тіркестер «аудармасыз қалып» түсірілу тәсілі арқылы жүзеге асырылса, «колхозды ауыл», «сыңсыған үн», «ықылым заман», «шөп шықпастан сайрап жатқан сүрлеу» сияқты тіркестер де түсіріліп қалған.

Дегенмен, аудармашы Саймон Холлингсворттың аудармашылық шеберлігін де атап өту керек. Қазақ жазушысының әр сөйлемін, әр тынысын жеткізуде барынша мағынасын дәл беретін баламаларды орынды қолдана білген. Мәселен, «Мойнын созып, төрт құбылаға бірдей үздіге қараған. Апыр-ай, бұрын неге байқамаған – *Stretching out his neck, he looked to all four corners*», «Әлдеқайдан, қалың қорымдардың арасынан жас ботаның әлсіз үні естілгендей болды - *He imagined he could hear the pitiful crying of a new-born, white-faced camel calf in the woodland*», «Ғажап-ау, қу-мекиен, иен-тегін таз басты тауда ұзыннан-ұзақ құр жіптей шұбатылып кете берген көштің сілемі бар» деген тамаша тілдік оралымдар мен түйдек-түйдек тіркестер аудармашылардың назарынан тыс қалмай «A desolate trail stretched over the bold mountain, winding its way like a ribbon and sliding like a snake» түрінде сәтті жеткізілген. «Мына Ұлытаудың басында көштің сартаптанған жолы бар екен-ау» (A road wound its way up Mount Ulytau, beaten there by nomadic camps) деген баламасы де өз түпнұсқасын дәл тапқан. Мұндағы «төрт құбыла - *four corners*», «таз басты тау - the bold mountain», «ұзақ құр жіптей шұбатылу - *sliding like a snake*» тіркестері сәтті балама тауып, туындының тұнығына үлес

Қазақ халқының танымы мен болмысын, тұрмысы мен тіршілігінен сыр шертетін «төрт аяқты күйіс қайтарғыш түйе» тіркесіндегі *төрт аяқты* түсіріліп, *күйіс қайтару* rhythmically chewing the cud, яғни толассыз шайнау мағынасын беретін сөздермен аударылған. Жазушының «хайуанның аңсай» алу сезімін, аудармашы ағылшын тілді оқырманның танымына таныс етіп хайуанның орнына пенде (person) сөзі орналастырған. «Қамшылар жақ – on the right (сөзбе-сөз: оң жақ)», «ескі қыстау – old wintering ground (сөзбе-сөз: қысты өткізетін жер)», «бір отар қой – flock», «теректен ырып жасаған науа – wooden trough (сөзбе-сөз: ағаш жемсалғыш)» т.б. тіркестердің сипаттама тәсілі арқылы мағынасы жеткізілгенін аңғармыз.

Қарастырылып отырған әңгімеде аудармашы жазушы О.Бөкей тұтынған тұрақты тіркестер, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді барынша дәлдікпен беруге тырысқан. «Түйе атаулы жылауық» қанатты сөзі ағылшын тілінде «as weepy as a double-humped camel» (сөзбе-сөз аудармасы: екі өркешті түйе секілді жылауық) деп тұрақты тіркес түрінде тапқырлықпен дәлме-дәл баламасы берілген. «Ол да бір дәурен екен-ау – these were happy times indeed» баламасы туралы да жоғары баға беруге болады.

Жоғарыда атап өткендей, белгілі жазушы О. Бөкейдің «Бура» әңгімесі ағылшын тііне аударылу барысында мағынасы толық, әрі дәлме-дәл немесе мағынасы жартылай жеткізілген

сөйлемдерді және аудармашының назарынан тыс қалып, мүлдем аударылмаған сөйлемдерге назар аударуға тырыстық. Өзге де тілдік ерекшеліктері мен қолданылған аударма тәсілдері болашақ түбегейлі ғылыми зерттеулердің нысаны болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://egemen.kz/article/165383-oralkhan-boekeydinh-aghylshyn-tilinde-zharyq-koergen-kitabynynh-tusaukeseri-oetti>
2. [Ф.Б. Абилмажинова, Ф.И. Байбатанова. Оралхан Бөкейдің көркемдік дүниетанымы. Вестник КАСУ, №2, 89-94 беттер.](#)
3. О. Бокеев. Человек – Олень. Астана, Аударма, 2011ж, 566 б.
4. O.Bokeev. The Man-Deer and other stories. Almaty, Academy.kz, 2017. 441 p.

УДК 81'255

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ С ЗООНИМИЧЕСКИМИ КОМПОНЕНТАМИ С КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК

Орынбекова Нағжан

nagzhana@gmail.com

Магистрант 1 курса Евразийского Национального университета им. Л.Н.Гумилева
Научный руководитель - Амалбекова М.Б.

Фразеологизмы — это отражение жизни народа, обычаев и традиций, а также сознания и мировоззрения людей. Устойчивые выражения представляют разные грани мышления и познания, символизм и эмоциональную экспрессивность речи. Фразеологические единицы являются своеобразными языковыми моделями, которые имеют свою структуру и набор синтаксических и морфологических признаков. Фразеологизмы в предложениях используются для выделения стилевых особенностей и придают яркий эмоциональный оттенок текстам художественных произведений. По этому поводу Смет Кенесбаев, доктор филологических наук, говорил: «Каждое слово само по себе не обязательно может быть использовано в переносном, образном значении» [4; с.121]

Фразеологические единицы с зоонимическими компонентами считаются одной из наиболее многочисленных групп фразеологического фонда многих языков, включая казахский, русский и английский. Животные в данных фразеологических единицах олицетворяют различные качества людей.

Наличие данной группы фразеологизмов в казахской культуре было вызвано к жизни спецификой кочевого быта. Так, особое место в устном народном творчестве казахов занимают выражения о четырех видах скота (төрт түлік): верблюдах, лошадях, овцах, коровах. По народному поверью, и у животных есть свои святые духи-покровители: түйенің киесі — Ойсылқара (букв.: покровитель верблюдов — Ойсылқара), жылқы киесі — Қамбар ата (букв.: покровитель лошадей — Камбар ата), қой киесі — Шопан ата (букв.: покровитель овец — Шопан ата (шопан — чабан, ата — дед, прадед, предок, старец), ешкінің киесі — Шекшек ата (букв.: покровитель коз — Шекшек-ата), сиырдың киесі — Зеңгібаба (букв.: покровитель коров — Зеңгібаба (баба — покровитель, предок).

Понимание смысла устойчивых выражений, их правильное употребление в речи считаются одним из показателей совершенства речевого мастерства и высокого уровня языковой культуры.

Перевод фразеологических единиц всегда вызывал больше всего трудностей. Задача переводчика состоит не только в том, чтобы передать смысл, но и отразить образность фразеологизма, стараясь найти в языке перевода наиболее подходящее слово или словосочетание.

В данной статье будут рассмотрены способы перевода на английский язык казахских